


№6(06) 2024



# Шнабат

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ВОЛШЕБНЫЙ МИР  
ДЕТСТВА!

**ДОСТЫҚ ПЕН ӨЗАРА  
ТҮСІНІСТІК ӘЛЕМІНЕ  
САЯХАТ**

5-сынып  
оқушыларына  
арналған  
сабақтан  
тыс сабақ

БІЛІМ БЕРУ  
ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ

**БУЛЛИНГ:**

БАЛАЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН / ВО ИМЯ И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



## ҚЫМБАТТЫ ДОС! СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢДАРИ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде BalaQorgauBot2.0** телеграмм-боты іске қосылды.



## ДОРОГОЙ ДРУГ! ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения в режиме **24/7** работает телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0**.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАҢДЫҒЫ  
БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!  
ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ,  
СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ  
ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!  
ПРОСТО ПОЗВОНИ  
ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЫБИ ПОМОГУТ!

АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172)

74 25 28



### Қадірлі оқырман!

**А**тақты американ-дық жазушы Рэй Брэдбери былай деп жазды: «Менің сүйікті жыл мезгілім – жаздың басы, маусым айы. Жаз әлі алда. Артқа қарамай, алдымызда жаз, қыс артта қалды деген сеніммен өмір сүру керек». Психологтер бұрыннан бері адамдардың көпшілігінде балалық шақ көп жағдайда жазбен байланысты болатынын байқаған.

Бұл таңқаларлық нәрсе емес, өйткені жаз – балалар үшін ең бақытты мезгіл: алақанға сіңіп қалған құлпынайдың иісі, жылы жазғы жаңбырдан кейінгі кемпірқосақ, жайнаған дала гүлдері...

### Дорогие читатели!

**З**наменитый американский писатель Рэй Брэдбери писал: «Мое любимое время года – июнь, начало лета. Когда все еще впереди. Так и надо жить, не оборачиваясь. И верить, что впереди все лето, а позади – вся зима...»

Психологи давно заметили, что у большинства людей детство всегда вспоминается летним. И это неудивительно, ведь счастливая детская пора – это именно лето: запах земляники на ладошках, теплые серебряные дожди, яркая радуга, словно мост, на бездонном синем небе, охапки полевых цветов...



Сондықтан да, жаздың алғашқы күні Халықаралық балаларды қорғау күні ретінде таңдалғаны кездейсоқ емес шығар. Бірақ, өкінішке орай, балалық шақ елінің кішкентай тұрғындарының жағдайы әрқашан жақсы және ойдағыдай емес... Бұл бізден балалардың болашақ өмірі үшін маңызды болып саналатын алғашқы жылдары «нәзік жас» ұғымына сәйкес келуі үшін не істей алатынымыз туралы ойлануды талап етеді. Балаларға балалық шақ сыйлайық!

Маусым айында тағы бір халықаралық атаулы күн бар, ол туралы бәрі бірдей біле бермейді. Алайда бұл өте маңызды күн, себебі ол қазіргі кездегі өзекті мәселеге қатысты.

**12 маусым – Дүниежүзілік балалар еңбегіне қарсы күрес күні.** Қазіргі уақытта әлемде 168 миллион бала еңбекке тартылған.

XXI ғасырдағы балалар еңбегі – өткеннің қалдығы, оған қарқынды дамып келе жатқан жоғары технологиялар әлемінде орын жоқ, ол көбінесе моральдық деңгейі төмен ересектердің лайықсыз мінез-құлқының көрінісі, олар өздерінің және басқалардың ертеңіне бүгін зиян келтіріп жатқанын түсінбейді...

Осы жаз бәрімізге балаларымыздың өмірін шынымен бақытты ету біздің қолымызда екенін тағы бір рет еске салсын...

Балалар... Біздің өміріміздің жалғасы, біз олармен мақтанамыз, олардың бар болғанына қуанамыз, олар туралы ойлаймыз, уайымдап, мазасызданамыз. Біз оларға шын жүректен бақыт тілейміз, бірақ әркімнің бақыт туралы өзіндік түсінігі бар екенін кейде ұмытып кетеміз. Кішкентай адамның ересек өміріндегі бақыты қандай болатыны көбінесе тәрбиеге байланысты.

**Тәрбие дегеніміз – қиындыққа толы жол, егер шынайы риясыз махаббат болмаса, оны лайықты және дұрыс жүріп өту әркімнің қолынан келмейді.**

И, вероятно, совсем не случайно много лет назад первый летний день был выбран для празднования Международного дня защиты детей – жителей «Маленькой страны», в которой, к великому сожалению, не все и не всегда хорошо и гладко... И это очень серьезный повод задуматься нам, взрослым, над тем, что каждый из нас делает для того, чтобы первые, самые важные для всей будущей жизни человека годы соответствовали понятию «нежный возраст». Подарим же детству детство!

А еще в июне есть другая, тоже международная, дата, о которой, однако, знают далеко не все. А между тем это очень важный день, посвященный не менее серьезной и, как это ни печально, достаточно актуальной на сегодня проблеме.

**12 июня – Всемирный день борьбы с детским трудом.** В настоящее время 168 миллионов детей на планете вовлечены в трудовую деятельность.

Детский труд в XXI столетии – постыдный пережиток прошлого, недопустимое явление в стремительно развивающемся мире высоких технологий, но зачастую низкого морального уровня, недостойного поведения взрослых людей, не ведающих, что сегодня они калечат свое и чужое завтра...

И пусть это лето еще раз напомним всем нам о том, что в наших руках сделать жизнь наших детей по-настоящему счастливой порой беззаботного детства...

Дети... Наша светлая радость, отрада души, наши заботы, тревоги и волнения. Мы искренне желаем им счастья, но порой забываем, что у каждого представление о нем свое, глубоко личное и сугубо индивидуальное. И каким оно будет у маленького человека в его взрослой жизни, во многом зависит от воспитания.

**Воспитание – тернистый и сложный путь, и пройти его достойно и правильно удастся далеко не всем. Главная причина практически во всех случаях – отсутствие настоящей бескорыстной любви.**





Тәрбие туралы адамзат тарихында көптеген іргелі еңбек жазылған. Бірақ соған қарамастан, ата-аналар өз балалары туралы «Өзі кімге тартқан?» деген сұрақ қойып, оған өздері «Кім білсін?» деп жауап береді. Өкінішке орай, ата-аналардың басым көпшілігі өзіміз өзгермей, баланы өзгертуге бола ма деген сұрақты өздеріне қоймайды. Ал сұрақтың жауабы белгілі...

Бала тәрбиесінің басты құпиясы неде? Бала жүрегіндегі жақсылық пен мейірімділікті ашатын сиқырлы кілт қайда?

Бұл құпия қарапайым және айқын, сондықтан да біз оны жиі байқамай, оны басқадан іздеу әдетіне бой алдырамыз: біз бала тәрбиесіне арналған кітаптарды іздеп, қандай да бір тәрбие жүйесіне еліктейміз. Ал оның нәтижесі ойымыздан шықпағанда, бәріне генетика (аумаған әкесі, анасы, атасы, тәтесі, ағасы...) кінәлі дейміз.

Бірақ «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал генетика туралы емес, бала ата-анасынан үлгі-өнеге алатыны жайлы. Олар біздің керемет сөздерімізден емес, нақты әрекеттерімізден үлгі алады. Егер біз жақсы адам тәрбиелегіміз келсе, өзімізден бастауымыз керек.

Л.Н.Толстой былай деп жазды: «Тәрбие біздің өзімізді тәрбиелегіміз келмей, балаларымызды немесе басқаларды тәрбиелегіміз келгенге дейін ғана қиын болып көрінеді. Егер біз басқаларды тек өзіміз арқылы тәрбиелей алатынымызды түсінсек, онда тәрбие туралы мәселе жойылып, өзіміз қалай өмір сүруіміз керек?» деген бір ғана сұрақ қалады.

*«Өркен» балалардың әл-ауқатын  
арттыру ұлттық ғылыми-практикалық  
институтының президенті  
**Есенғазы Нұртолеуұлы  
Иманғалиев***

Воспитание... Простое, на первый взгляд, слово, о котором, однако, написаны тысячи фундаментальных трудов самых светлых голов человечества... Но, несмотря на это, продолжает звучать старый как мир вопрос: «В кого он (ребенок) такой?!» Ответ чаще всего один: «Ума не приложу...» К сожалению, подавляющее большинство родителей не задаются другим вопросом: «Можно ли менять что-то в детях, не меняясь самим?» Ответ напрашивается сам собой...

Каков же главный секрет воспитания детей? Где тот волшебный ключик, открывающий в сердце ребенка все самое лучшее, доброе и вечное?

Секрет этот прост и очевиден, и, может быть, именно поэтому мы часто его не замечаем, поддаваясь привычке искать счастье за морями и за горами: ищем умные книги с премудрыми рекомендациями, стремимся примкнуть к какой-то системе воспитания, а разочаровавшись в плодах такого воспитательного процесса, сваливаем все на генетику (ну, уродился таким, весь в отца, мать, деда, тетю, дядю...).

Но давно набившая оскомину пословица «Яблоко от яблони недалеко падает» на самом деле вовсе не про генетику, а про то, что дети учатся на примере своих родителей. Они берут за образец не наши слова (какими бы замечательными они ни были), а наши реальные поступки. И если мы хотим воспитать хорошего человека, придется начать с себя.

Л. Н. Толстой писал: «Воспитание представляется сложным делом только до тех пор, пока мы хотим, не воспитывая себя, воспитать своих детей или кого бы то ни было. Если же поймешь, что воспитывать других мы можем только через себя, то упраздняется вопрос о воспитании и остается один вопрос: как надо самому жить?»

*Президент Национального  
научно-практического  
института благополучия  
детей «Өркен»  
**Есенғазы Нұртолеуович  
Иманғалиев***

# МАЗМҰНЫ содержание



ОҚЫРМАНДАРҒА / К ЧИТАТЕЛЯМ **3**

## ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП / АКТУАЛЬНАЯ ТЕМА

**“** БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ  
НАУКА О ДЕТСКОМ БЛАГОПОЛУЧИИ **10**

**Республикалық  
конференциясы**

**Республиканская  
конференция**



**“** ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА ҮЙРЕТЕМІЗ  
УЧИМ ТВОРИТЬ ДОБРО **12**



**БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ  
СИҚЫРЛЫ ӘЛЕМІ**

**ВОЛШЕБНЫЙ МИР  
ДЕТСТВА**

## ПЕДАГОГТЕРГЕ / ПЕДАГОГАМ

**■** АДАМИ ҚАТЫНАСТАР ӘЛЕМІ  
МИР ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ **18**

**О. Л. Дауб  
ДОСТЫҚ ПЕН  
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК  
ӘЛЕМІНЕ  
САЯХАТ**



**О. Л. Дауб  
ПУТЕШЕСТВИЕ  
В СТРАНУ ДРУЖБЫ  
И ВЗАИМОПОНИМАНИЯ**

**■** БУЛЛИНГКЕ ЖОЛ ЖОҚ!  
БУЛЛИНГУ НЕТ! **25**

**М. К. Таипова  
БІЛІМ БЕРУ  
ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ  
БУЛЛИНГ**

**М. К. Таипова  
БУЛЛИНГ  
В ОРГАНИЗАЦИЯХ  
ОБРАЗОВАНИЯ**





## АТА-АНАЛАРҒА / РОДИТЕЛЯМ

ОТБАСЫ – БІР СӨЗДЕГІ БҮКІЛ ӘЛЕМ  
СЕМЬЯ – ЦЕЛЫЙ МИР В ОДНОМ СЛОВЕ

32



**БАЛАЖАН:  
АТА-АНАЛАР  
ЕРІКТІЛІГІ**

**БАЛАЖАН:  
ВОЛОНТЕРСТВО  
РОДИТЕЛЕЙ**

МАМАНДЫ ТЫҢДАЙМЫЗ  
ПОСЛУШАЕМ СПЕЦИАЛИСТА

34

**САНАЛЫ АТА-  
АНА БОЛУ –  
ЖАҢА ӨМІРДІҢ  
БАСТАУЫ**

**ОСОЗНАННОЕ  
РОДИТЕЛЬСТВО –  
НАЧАЛО НОВОЙ  
ЖИЗНИ**



МАМАНДЫ ТЫҢДАЙМЫЗ  
ПОСЛУШАЕМ СПЕЦИАЛИСТА

38

**ҚАМҚОР АТА-АНАЛАРҒА  
АРНАЛҒАН  
ЖАЗҒЫ НҮСҚАУЛЫҚ**

**ЛЕТНИЙ ГИД  
ДЛЯ ЗАБОТЛИВЫХ  
РОДИТЕЛЕЙ**



## БАЛАЛАРҒА / ДЕТЯМ

ИНТЕРВЬЮ

44



**ӨЗ АРМАНЫҢА  
ОПАСЫЗДЫҚ  
ЖАСАМА,  
ЭЙТПЕСЕ  
ОЛ САҒАН  
ОПАСЫЗДЫҚ  
ЖАСАЙДЫ**

**НЕ ПРЕДАВАЙ  
СВОЮ МЕЧТУ,  
ИЛИ ОНА  
ПРЕДАСТ ТЕБЯ**

ҰСЫНЫМДАР КІТАПХАНАСЫ  
БИБЛИОТЕКА РЕКОМЕНДАЦИЙ

60

**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ:  
СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР»**  
атты республикалық конференциясы



Республиканская конференция  
**«БУЛЛИНГ В ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ:  
СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ, ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ  
И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ»**



2024 жылғы 30 мамырда **«Білім беру ұйымындағы буллинг: социологиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілер»** атты Республикалық конференция өтті. Бұл тәжірибе алмасуға, пікірталас пен жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу және оған тиімді қарсы тұру жүйесін жүзеге асыру стратегияларын әзірлеуге бағытталған іс-шара.

**Ұйымдастырушылар:** Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (ТЖЖҚБД), «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты («Өркен» БЭАҰҒПИ).

**Қатысушылар:** Қатысушылардың жалпы саны: 500 адам (орта білім берудің 50 пилоттық ұйымынан 10 өкілден).



**Конференцияның мақсаты –** білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеуге (буллингке) қарсы іс-қимыл және алдын алу жүйесін құру.



Конференцияның ашылуында ТЖЖҚБД директоры **М. А. Медетбекова**, «Өркен» БЭАҰҒПИ президенті **Е. Н. Иманғалиев** қатысушыларға арнап құттықтау сөз сөйлеп, алдағы жұмыс барысында

30 мая 2024 г. прошла Республиканская конференция **«Буллинг в организации образования: социологические, психологические и педагогические аспекты»**. Это мероприятие



**Цель конференции –** создание системы профилактики и эффективного противодействия травле (буллингу) обучающихся в организациях образования.



направлено на обмен опытом и разработку стратегий по реализации системы профилактики и эффективного противодействия травле (буллингу).

**Организаторы:** Министерство просвещения, Департамент по воспитательной работе и дополнительному образованию (ДВР по ДО), Национальный научно-практический институт благополучия детей (ННПИБД) «Өркен».

**Участники:** 500 человек (по 10 представителей от 50 пилотных организаций среднего образования).

На открытии конференции с приветственным словом к его участникам об-

талқылануы қажет негізгі бағыттар мен мәселелерді белгіледі.

«Өркен» БЭАҰҒПИ қызметкерлері, балалармен, ата-аналармен жұмыстың түрлі бағыттары бойынша қызметті жүзеге асыратын сарапшылар мен жетекші мамандар баяндама жасады.

Пленарлық отырыста спикер ретінде баяндама жасағандар:

**А. Бекмұса**, ЮНИСЕФ-тің балалық шақты қорғау бағдарламаларының жетекшісі, (Алматы қ.);

**Х. Ажигулова**, PhD докторы, заңгер (Алматы қ.);

**Б. Х. Мунбаев**, №209 ОМ директоры (Алматы қ.);

**Г. М. Ракишева**, PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ «Педагогикалық инноватика» зертханасының басшысы;

**А. Н. Каримова**, психолог, гипнотерапевт, «Прозрение» психологиялық орталығының жетекшісі (Алматы қ.);

**Р. Е. Жумаканова**, 17 жалпы орта білім беретін мектептің директоры (Семей қ.);

**Г. И.-Г. Калиева**, п.ғ.к., «Өркен» БЭАҰҒПИ ғылыми хатшысы, корреспонент-мүшесі ҚПҒА

**М. К. Таипова**, п.ғ.к., «Өркен» БЭАҰҒПИ Стратегиялық жоспарлау, талдау және мониторинг департаментінің директоры;

**Б. К. Кудышева**, п.ғ.к., ҚПҒА, корреспондент-мүшесі, «Өркен» БЭАҰҒПИ Ғылыми-зерттеу бөлімі басшысының м.а.;

**Л. А. Култаева**, «Өркен» БЭАҰҒПИ КеАҚ білім беру бағдарламалары бөлімінің жетекші маманы;

**Жайнарғұл Жақиянқызы**, «Фали Орманов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары (Ақсу ауданы, Жетісу облысы);

**Ж. Ш. Айдарбекова**, №209 ОМ директорының орынбасары (Алматы қ.);

**М. К. Исекова**, Қожаберген жырау атындағы №6 ОМ (Петропавл қ.);

**А. К. Мусина**, «№24 мектеп-интернат» КММ директор, кәсіби медиатор, тренер (Балқаш қ.);

**К. О. Абдуллаева**, ата-ана, заңгер, кәсіпкер;

ратились **М. А. Медетбекова**, директор ДВР по ДО, и **Е. Н. Имангалиев**, президент ННПИБД «Өркен», обозначившие основные направления и вопросы, которые необходимо обсудить в ходе предстоящей работы.

С докладами выступили сотрудники ННПИБД «Өркен», эксперты и ведущие специалисты, осуществляющие деятельность по разным направлениям работы с детьми, родителями.

В качестве спикеров на пленарном заседании выступили:

**А. Бекмұса**, руководитель программ ЮНИСЕФ по защите детства (г. Алматы);

**Х. Ажигулова**, доктор PhD, юрист (г. Алматы);

**Б. Х. Мунбаев**, директор СШ №209 (г. Алматы);

**Г. М. Ракишева**, доктор PhD, ассоциированный профессор, руководитель лаборатории «Педагогическая инноватика», Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова;

**А. Н. Каримова**, психолог, гипнотерапевт, руководитель Психологического центра «Прозрение» (г. Алматы);

**Р. Е. Жумаканова**, директор ОСШ №17 (г. Семей);

**Г. И.-Г. Калиева**, к. п. н., чл.-корр. Академии педагогических наук Казахстана, ученый секретарь ННПИБД «Өркен»;

**М. К. Таипова**, к. п. н., директор Департамента стратегического планирования, аналитики и мониторинга ННПИБД «Өркен»;

**Б. К. Кудышева**, к. п. н., чл.-корр. Академии педагогических наук Казахстана, и. о. руководителя научно-исследовательского отдела ННПИБД «Өркен»;

**Л. А. Култаева**, ведущий специалист отдела образовательных программ ННПИБД «Өркен»;

**Жайнарғұл Жақиянқызы**, заместитель директора по воспитательной работе СШ им. Г. Орманова, дошкольный мини-центр (Аксу район Жетісу облысы);

**Ж. Ш. Айдарбекова**, заместитель директора СШ №209 (г. Алматы);

**М. К. Исекова**, СШ №6 им. Қожаберген жырау (г. Петропавловск);

**А. К. Мусина**, директор, профессиональный медиатор, тренер школы-интерната №24 (г. Балхаш);





**А. А. Карабутова**, «Өркен» БЭАҰҒПИ КеАҚ білім беру бағдарламалары бөлімінің басшысы;

**О. Е. Косулина**, Темірғали Исабаев атындағы орта-мектеп жанындағы шағын орталық (Жетісу облысы, Көксу ауданы);

**И. О. Маулетова**, «№24 мектеп-интернат» КММ директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары (Балқаш қ., Қарағанды облысы);

**Н. Ж. Мухамедкаримова**, бастауыш сынып мұғалімі, Астана Tamos Space School.

Секциялық отырыстарда түрлі саладағы сарапшылардың қатысуымен педагогтар үшін шеберлік сыныптары өткізілді.

Семинарға қатысушылар, ғалымдар мен практиктер Қазақстандағы балалардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша кәсіби тәжірибелері, білімдері, әзірлемелері және жоспарларымен бөлісті.

Конференция жұмысының нәтижесінде психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қызметтерге, білім беру ұйымдарының басшыларына, қызметкерлері мен әлеуметтік педагогтеріне ұсынымдар мен ұсыныстар берілді.

**К. О. Абдуллаева**, родитель, юрист, предприниматель;

**А. А. Карабутова**, начальник отдела образовательных программ ННПИБД «Өркен»;

**О. Е. Косулина**, СШ им.Т. Исабаева с пришкольным мини-центром (Коксу-ский район, область Жетісу);

**И. О. Маулетова**, заместитель директора по учебно-воспитательной работе КГУ «Школа-интернат №24» (г. Балхаш);

**Н. Ж. Мухамедкаримова**, учитель начальных классов Астана Tamos Space School.

На секционных заседаниях были проведены мастер-классы для педагогов с участием экспертов в различных сферах.

Участники семинара, ученые и практики, поделились профессиональным опытом, знаниями, наработками и планами по вопросам безопасности и благополучия детей в Казахстане.

В результате работы семинара были даны предложения и рекомендации: психолого-педагогическим и методическим службам управлений образования, руководителям, сотрудникам, педагогам-психологам и социальным педагогам организаций образования.

# БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ СИҚЫРЛЫ ӘЛЕМІ

Жаздың бірінші күні бүкіл әлемде **Халықаралық балаларды қорғау күні** атап өтіледі. Бұл жай ғана балалық шақ мерекесі емес, ол бізге, ересектерге, әлемнің барлық кішкентай тұрғындарының тағдырына жауапты екенімізді есімізге салады...

**К** азақстанның оңтүстік астанасы Алматы осы тамаша күнді мерекелеудің кең ауқымымен әрдайым ерекшеленді. Биыл да солай болды.

30 мамырда тау бөктерінде орналасқан GulnarBaq демалыс аймағында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған салтанатты мерекелік іс-шара өтті. Оған қаламыздың 1000-нан астам оқушысы қатысты. Бұл іс-шара нағыз балалар шығармашылығы фестиваліне, жас алматылықтардың жарқын және ерекше таланттарының көрмесіне айналды.


Мереке **«Өркен» балалардың әлауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының (БЭАҰҒПИ)** белсенді қатысуы және қолдауы, аудандық әкімдіктер, «LifeTime M» қоғамдық бірлестігі, «Шыңға Өрлеу» әлеуметтік клубының ұйымдастыруымен өтті.

Институттың бірінші вице-президенті **Елена Николаевна Сакенова** мерекелік іс-шараның қатысушылары мен ұйымдастырушыларына жолдаған құттықтау сөзінде: «Халықаралық





# ВОЛШЕБНЫЙ МИР ДЕТСТВА



В первый летний день во всем мире отмечается **Международный день защиты детей**. Это не просто праздник детства, а напоминание нам, взрослым, о том, что именно мы ответственны за судьбу всех маленьких жителей планеты...

**Ю**жная столица Казахстана Алматы всегда отличалась широким масштабом празднования этого замечательного дня. Не стал исключением и этот год.

30 мая на территории зоны отдыха Gulnar Вақ, расположенной в живописной предгорной местности, прошло торжественное праздничное мероприятие, посвященное Международному дню защиты детей. Его участниками стали более 1000 школьников нашего города. Оно стало не просто текущим событием, а превратилось в настоящий фестиваль детского творчества, демонстрацию ярких и самобытных талантов юных алматинцев.

Организаторы праздника: *районные акиматы, Общественное объединение «Life Time M», социальный клуб «Шыңға Өрлеу»* при активном участии и поддержке **Национального научно-практического института благополучия детей (ННПИБД) «Өркен»**.

В своем приветственном обращении к участникам и организаторам праздничного мероприятия *первый вице-президент института Елена Николаевна Сакенова* отметила:



*балаларды қорғау күні» – бұл қазақстандық қоғамның ең кішкентай және қорғансыз мүшелерінің құқықтарын қорғау, мүдделерін қолдау, әл-ауқаты мен өркендеуіне жағдай жасау үшін барлық ересектердің бірлесіп, әрекет ететін күні», – деп атап өтті.*

Фестиваль жарқын, әсерлі және керемет концерттік бағдарламаға ұласты. Онда костюмді музыкалық-би карнавал атмосферасы орнады. Концерте ұлттық аспаптарда орындалған музыкалық шығармалар, ән мен би, кісі бойы қуыршақтарының қойылымдары көрсетілді. Балалардың костюмдері біздің көп ұлтты халқымыздың этникалық ерекшелігін ерекше атап өтті. Барлық қатысушылардың эмоциялары ерекше болды!

*«Международный день защиты детей – это день, когда все взрослые должны все вместе, объединившись, выступить в защиту прав и законных интересов самых маленьких и беззащитных членов нашего общества, создать условия для их благополучия и процветания».*

Фестиваль сопровождался яркой, зрелищной и насыщенной концертной программой. Была создана атмосфера костюмированного музыкально-танцевального карнавала. Песни, танцы, музыкальные номера на национальных инструментах чередовались с выступлениями ростовых кукол. Костюмы на детях подчеркивали этническую самобытность нашего многонационального народа. Эмоции всех присутствующих просто зашкаливали!

Маленькие гости были вовлечены в совместную со взрослыми творческую деятельность. Для них были выделены зоны для арт-терапии, аквагрима, фотосессии.

Каждый ребенок получил от коллектива ННПИБД «Өркен» сладкое угощение. Что может быть вкуснее в жаркий день, чем мороженое?

Сотрудники института порадовали детей красочным аквагримом, а педагоги-психологи провели с ними арт-терапевтическое занятие. Детские рисунки отразили настроение всеобщего праздника, радости и позитивной энергии творчества и созидания...

**Аквагрим** – универсальная возможность создать у детей позитивные эмоции, ведь для них – это настоящий праздник.

Наши педагоги-психологи создали для детей творческую атмосферу, в которой каждый ребенок смог проявить себя, раскрыть свой внутренний природный потенциал.

Коррекция **арт-терапией** – мягкая и в то же время продуктивная методика развития способностей детей любых возрастов. Она позволяет решать самые разные задачи, начиная от проблем социальной адаптации и заканчивая развитием детского потенциала. Ведущая цель арт-терапии – форми-





Кішкентай қонақтар ересектермен бірлескен шығармашылық іс-шараларға қатысты. Олар үшін арт-терапия, аквагрим, фотосессия үшін аймақтар бөлінді.

Әр бала «Әркен» БЭАҰҒПИ ұжымынан тәтті тағам алды. Күннің ыстығында балмұздақтан асқан дәмді не болуы мүмкін?

Институт қызметкерлері балаларды түрлі-түсті аквагриммен қуантты, ал педагог-психологтер олармен арт-терапевтік сабақ өткізді. Балалар суреттері жалпы мерекенің көңіл-күйін, шығармашылық пен жаратылыстың қуанышы мен жағымды энергиясын көрсетті...

**Аквагрим** – балаларда жағымды эмоциялар туғызудың әмбебап мүмкіндігі, өйткені олар үшін бұл нағыз мереке.

Біздің педагог-психологтер балаларға шығармашылық атмосфера құрды, онда әр бала ішкі табиғи әлеуетін ашып, өзін көрсетті.

рование способности самовыражения. Это один из самых результативных методов психотерапии, где задействуют творчество и различные художественные приемы.

**Изотерапия (рисуночная терапия)** – продуктивный вид терапии с использованием средств изобразительного искусства, направленный на развитие восприятия, воображения, образного мышления, улучшение мелкой моторики, двигательной координации и т. д.

Главная задача арт-терапии – переход от отрицательных переживаний к положительным эмоциям. Она одинаково эффективна и в работе с тихими, замкнутыми детьми и с гиперактивными непоседами, так как гармонизирует общее эмоциональное состояние ребенка, снижает уровень стресса и тревоги. Терапия творчеством помогает синхронизировать работу правого и левого полушарий, развивает нестандартное мышление, стимулирует фантазию.



**Арт-терапия арқылы түзету** – кез-келген жастағы балалардың қабілеттерін дамытудың жұмсақ және сонымен бірге өнімді әдісі. Ол әлеуметтік бейімделу проблемаларынан бастап балалардың әлеуетін дамытуға дейінгі әртүрлі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Арт-терапияның басты мақсаты – өзін-өзі көрсету қабілетін қалыптастыру. Бұл психотерапияның ең тиімді әдістерінің бірі, онда шығармашылық пен әртүрлі көркемдік әдістер қолданылады.

**Изотерапия (сурет терапиясы)** – қабылдауды, қиялды, бейнелі ойлауды дамытуға, ұсақ моториканы, қозғалыстың үйлестірілуін жақсартуға бағытталған бейнелеу өнері құралдарын қолданатын терапияның өнімді түрі.

Арт-терапияның негізгі міндеті – жағымсыз тәжірибелерден жағымды эмоцияларға көшу. Бұл тыныш, тұйық және гипербелсенді балалармен жүргізілетін жұмыста бірдей тиімді, өйткені ол баланың жалпы эмоционалды жағдайын үйлестіреді, стресс пен мазасыздық деңгейін төмендетеді.

Шығармашылық терапиясы оң және сол жақ жартышарлардың жұмысын үйлестіруге көмектеседі, стандартты емес ойлауды дамытады, қиялды ынталандырады.

Арт-терапия помогает:

- снять эмоциональное напряжение;
- улучшить настроение;
- научиться понимать свои чувства и эмоции;
- трансформировать негативные мысли в позитивные;
- избавиться от зажатости и комплексов;
- научиться самовыражению;
- справляться с психологическими кризисами;
- видеть красоту в мелочах, развивать творческий потенциал и т. д.

Арт-терапия в работе с детьми также помогает в лечении психосоматических заболеваний, аутизма, ДЦП и др.

Время праздника пролетело совершенно незаметно, и вот уже маленькие гости расположились за накрытыми обеденными столами.

После праздничного обеда состоялась общая фотосессия, снимки с которой моментально заполнили социальные сети.



*Арт-терапия:*

- эмоционалды шиеленісті жеңілдетуге;
- көңіл-күйді жақсартуға;
- өз сезімдер бен эмоцияларды түсінуге;
- теріс ойларды позитивті ойларға айналдыруға;
- тұйық мінез бен өзін төмен бағалаудан арылуға;
- өзін көрсетуді үйренуге;
- психологиялық дағдарыстармен күресуге;
- кішкентай нәрселерден сұлулықты көруге, шығармашылықты дамытуға және т. б. көмектеседі.

Балалармен жұмыс барысында арт-терапия сонымен қатар психосоматикалық ауруларды, аутизмді, церебральды сал ауруын және т. б. емдеуге көмектеседі.

Мерекелік шара мүлдем байқалмай өтті, енді кішкентай қонақтар дастархан басына жайғасты.

Мерекелік түскі астан кейін болған жалпы фотосессияның суреттері бірден әлеуметтік желілерде жарық көрді.

GulnarBaq қонақжай демалыс кешенінде әлі көп уақыт музыка ойнап, балалардың күлкісі сыңғырлады. Мереке сәтті өтті!

Жылдың ең ұзақ мектеп демалысы көңілді және қызықты іс-шарадан керемет басталады. Алдағы жаз еліміздің барлық балалары үшін оның қуанышты және көңілді жалғасы болсын дейміз.



Еще долго в гостеприимном комплексе отдыха Gulnar Baq звучала музыка, звенел звонкий детский смех. Праздник удался!

Начинаются самые длинные в году школьные каникулы. И начались они просто замечательно – с веселого и интересного мероприятия. И хочется пожелать всем детям нашей страны, чтобы предстоящее лето стало его радостным и счастливым продолжением!



# ДОСТЫҚ ПЕН ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

5-сынып  
оқушыларына  
арналған  
сабақтан  
тыс сабақ



## ПУТЕШЕСТВИЕ В СТРАНУ ДРУЖБЫ И ВЗАИМОПОНИМАНИЯ

Внеучебное  
занятие  
для учащихся  
5 класса

**О. Л. Дауб,**  
педагог-психолог,  
Бірінші қалалық  
жалпы білім беретін ІТ-лицей,  
Петропавл қ.

**О. Л. Дауб,**  
педагог-психолог,  
Первый городской  
общеобразовательный ІТ-лицей,  
г. Петропавловск

*Адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасамай өмір сүруі мүмкін емес: өмірдің өзі қарым-қатынас.*

**У. Шекспир**

*Существование человека невозможно без отношений с другими людьми: сама жизнь есть отношения.*

**У. Шекспир**

**Мақсаты:** оқушылардың қарым-қатынас, өзара қарым-қатынас, ынтымақтастық, ұжымшылдық, өзара ықпалдастық пен өзара түсіністік ұғымдары туралы түсініктерін тереңдету.

**Міндетері:**

- адам өміріндегі тұлғааралық қатынастардың маңызы мен рөлін ашу, өзімен, адамдармен және қоршаған әлеммен үйлесімділік орнату;
- қарым-қатынас мәдениетін, коммуникативтік дағдыларды, қоғамдағы мінез-құлықты және т. б. тәрбиелеу.

**Жұмыс формалары:** топтық, фронтальды, сараланған тәсіл.

**Ресурстар:** презентация, аудио-ожазбалар (баяу музыка, теңіз дыбыстары), ватман, қағаз қайықтар, шығармашылық жұмыстарға арналған жүрекшелер, фломастерлер, желім, стикерлер.

**«Теңіз саяхаты» позитивті көзқарасы.**

Оқушылар үш командаға бөлінеді.

**Мұғалім.** Сәлеметсіңдерме, қымбатты оқушыларым! Бүгін бізде саяхат сабағы болады. Көздеріңді жұмыңдар. Бірнеше терең дем алып, шығарыңдар. Өздеріңді бос ұстандар. Өздеріңе ыңғайлы болатындай отырыңдар.

Мен сендерді адамдар арасындағы қарым-қатынастың әдемі аралына ойша саяхат жасауға шақырамын. Достарыңмен мұхит толқындарында үлкен кемеде жүзіп бара жатқаныңды елестетіп көріңдер. Күн жарқырап тұр,

**Цель:** углубление представлений учащихся о понятиях общение, взаимоотношения, сотрудничество, коллективизм, взаимодействие, взаимопонимание.

**Задачи:**

- раскрыть значение и роль межличностных взаимоотношений в жизни человека, установлении гармонии с собой, людьми и окружающим миром;
- воспитывать культуру взаимоотношений, коммуникативные навыки, манеры поведения в обществе и т. д.

**Формы работы:** групповая, фронтальная, дифференцированный подход.

**Ресурсы:** презентация, аудио-записи (тихая спокойная музыка, звуки моря), ватман, бумажные кораблики, сердечки для творческой работы, фломастеры, клей, стикеры.

**Позитивный настрой** «Морское путешествие».

Учащиеся делятся на три команды.

**Учитель.** Здравствуйте, мои дорогие ребята! Сегодня у нас с вами занятие-путешествие. Закройте глаза. Сделайте несколько глубоких вдохов и выдохов. Расслабьтесь. Сядьте так, как вам удобно.

Приглашаю вас совершить мысленное путешествие на прекрасный остров человеческих взаимоотношений. Представьте, что вы с друзьями плывете на большом корабле по волнам океана. Ярко светит солнышко, за бортом ласково плещутся изумрудные волны... Вот ваш корабль уже подплыл к острову, и







теңіз толқындары кеме сыртында шылпылдап жатыр... Кемелерің аралға қарай жүзіп келді, бәріміз бірге жағаға қадам басамыз.

Ауада гүлдердің хош иісі сезіліп, құстар ән салуда. Сендерді аралдың қонақжай тұрғындары қарсы алады. Олардың мейірімді күлкілері, жылы сөздері мен жылы көзқарастары сендерді баурап алады. Олар сендерді өздерінің таңғажайып аралында серуендеуге шақырады... *(Музыка естіледі. Екі-үш минут ішінде мұғалім балаларға қиялдауға мүмкіндік береді.)*

Бірақ уақыт тез өтіп кетед, арал тұрғындарымен қоштасатын сәт те келді. Олармен жасаған қарым-қатынас туралы сезімдерің мен түйсіктеріңді естеріңде сақтаңдар.



### Әңгіме

Сендерге аралда болған кез ұнады ма? Неліктен? Керемет аралдың тұрғындары туралы не білдіңдер? Өз ойларың, сезімдерің және түйсіктеріңмен бөлісіңдер.

вы все вместе ступаете на его берег.

В воздухе разлит аромат цветов, звонко щебечут птицы. Вас встречают гостеприимные жители острова. Их добрые улыбки, теплые слова и приветливые взгляды располагают к доверию. Они приглашают вас на прогулку по своему удивительному острову... *(Звучит музыка. В течение двух-трех минут учитель предоставляет детям возможность пофантазировать.)*

Но время пролетает быстро, и вот вы уже прощаетесь с жителями острова. Запомните свои чувства и ощущения от общения с ними.



### Беседа

Понравилось ли вам на острове? Почему?

Что вы узнали о жителях чудесного острова?

Поделитесь своими мыслями, чувствами, ощущениями.

*Учитель.* Ребята, когда вы мечтаете о чем-то хорошем, добром и светлом, это обязательно сбудется. Так произойдет

*Мұғалім:* Балалар, сендер жақсы, мейірімді және жарқын нәрсені армандаған кезде, ол міндетті түрде орындалады. Бұл біздің сабақта да болады. Енді біз керемет аралға қайықпен барып, ондағы адамдар арасындағы қарым-қатынас әлемімен жақынырақ танысамыз. *(Қағаз қайықтар әр команданың үстелдерінде жатыр.)* Біздің бірінші аялдамамыз ребус шығанағында болады.

Біздің кемелердің атау жоқ және оларды басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас жасау үшін қажет адам мінезі қасиеттерінің атымен атау керек. Бұл қандай қасиеттер екенін білу үшін әр топ қайықтың түсіне сәйкес ребусты табуы керек. Атауды тапқаннан кейін оны стикерге жазып, қайыққа бекітіңдер.

**Позитивті мәлімдеме (дәйексөз)**

*Мұғалім:* Балалар, сендер бірінші сынақтан өтіп, дана ойлар шығанағына жеттіңдер. Мен сендердің бір халық даналығын есте сақтап, дәптерге жазуларыңды қалаймын.

и на нашем занятии. Сейчас мы с вами отправимся на корабликах на чудесный остров, на котором поближе познакомимся с миром человеческих взаимоотношений. *(Бумажные кораблики лежат на столах у каждой команды.)* И первая наша остановка будет в заливе ребусов.

Наши кораблики без названия, а назвать их нужно в честь таких качеств характера человека, которые необходимы ему для хороших и добрых взаимоотношений с другими людьми. Чтобы узнать, какие же это качества, каждой группе необходимо отгадать ребус соответственно цвету ее кораблика. Отгадав название, запишите его на стикере и прикрепите к кораблику.

**Позитивное высказывание (цитата)**

*Учитель:* Ребята, вы прошли первое испытание и попали в бухту мудрых мыслей. Я хочу, чтобы вы запомнили одну народную мудрость и записали ее в тетради.

**ЗАЛИВ РЕБУСОВ**

**Доброта**

**Доверие**

**Уважение**

## ТАПСЫРМАЛАР

**1-экипаж.** Әр сөз жұбынан адамның мінезінің жағымды қасиетін білдіретін бір сөз – сын есімін жасаңдар.

*Мейірімді жүрек-мейірімді*

Жомарт жан – жомарт;

ақкөңіл жан – ақжарқын;

жақсылық жасайтын – ізгілікті;

жақсылық тілейтін – қайырымды

Осы қасиеттердің қайсысы маңызды деп ойлайсыңдар? Неліктен?

*(Балалардың жауаптары)*

**2-экипаж.** Жүрекшелерден адамдар арасындағы қарым-қатынастың гүлін жасаңдар. Оның жапырақшаларына адамдарға бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату үшін қажет қасиеттерді жазыңдар.

**3-экипаж.** Жанжалсыз қарым-қатынас ережелерін жасаңдар.

*Жанжалсыз қарым-қатынас ережелері*

1. Айналаңдағы адамдар сенің жаныңда өздерін жақсы сезінетіндей өмір сүруге тырысыңдар.

2. Адаммен сөйлемес бұрын, оған күлімсіреп қара, өйткені жақсы қарым-қатынас күлімсіреуден басталады.

3. Өз жетістіктеріңе ғана емес, жолдастарыңның жетістіктеріне де қуануды үйрен.

4. Досыңа көмектесуге тырыс, сенен көмек сұрағанын күтпе.

5. Ешқашан ешнәрсе қызғанба және шағымданба: шағым адамдарды ашуландырып, жақсы қарым-қатынасты бұзады.

6. Дау кезінде ұстамды және әдепті бол.

7. Ойланбай, әрекет жасама.

8. Ешқашан ешкімді ешнәрсеге ренжітпе.

9. Өзіңізге жағымсыз және ауыр тиетін нәрсені басқаларға жасама.

*Сеющий добро благодарностью пожнет.*  
**Казахская пословица**

*Вопросы*

Как вы понимаете смысл этой пословицы?

Какие еще пословицы, поговорки о добре вы знаете? Приведите примеры.

*Учитель.* А наше с вами путешествие продолжается, и мы подплываем к побережью мыслителей.

**Рассказывание истории**

**Ведро яблок**

*Притча*

Один человек купил дом с роскошным фруктовым садом. Рядом в старом доме жил завистливый сосед, который постоянно пытался испортить настроение...

Однажды утром человек проснулся, вышел из дома и увидел у себя на пороге ведро с мусором. Он взял ведро, выкинул из него мусор, отмыл до блеска, набрал в него самых больших спелых яблок из своего сада и пошел к соседу.

Сосед, увидев его с ведром, спросил: «Зачем ты возвращаешь мне ведро с яблоками, если я отдал тебе мусор?»

На что человек ответил: «Каждый дает другому то, что имеет в своем сердце».

*Вопросы для обсуждения и беседы*

В чем, по вашему мнению, заключается смысл притчи?

Что является основой добрых взаимоотношений между людьми?

Как бы вы охарактеризовали поведение соседа?

Какие поступки приносят человеку радость, счастье?

**Творческая деятельность**  
**(групповая работа)**

*Учитель.* Ребята, пока мы с вами беседовали, обсуждали притчу, наши кораблики пришвартовались на *мысе воображения*. Сейчас каждый экипаж будет выполнять задание, соответствующее цвету его кораблика. Затем представители всех трех экипажей представят работу своих команд классу. Время выполнения работы – пять минут.

**Рефлексия.** Звучит аудиозапись шума океанских волн, криков чаек.



*Жақсылық ексең, алғыс орасың.*

### **Қазақ мақалы**

*Сұрақтар*

Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?

Жақсылық туралы тағы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер? Мысал келтіріңдер.

*Мұғалім.* Біздің саяхатымыз жалғасуда, енді біз *ойшылдар жағалауына* қарай жүземіз.

### **Әңгіме айту**

#### **Бір шелек алма**

*Астарлы әңгіме*

Бір адам жайқалып тұрған жеміс бақшасы бар үй сатып алыпты. Оның көршісінің үйі ескі, өзі қызғаныштан көршісінің жеміс бағын көре алмайды екен.

Бір күні таңертең адам есігінің алдында тұрған қоқысқа толы шелекті көреді. Ол шелектегі қоқысты тастап, оны жылтыратып жуып, бақшасынан ең үлкен, піскен алма салып, көршісіне береді.

Оны көрген көршісі: «Мен саған бір шелек қоқыс берсем, сен маған неге бір шелек алма қайтарып тұрсың?» – деп сұрайды.

Оған адам: «Әркім басқаға жүрегінде бар нәрсені береді», – деп жауап беріпті.

*Талқылап, әңгімелесуге арналған сұрақтар*

Сіздің ойыңызша, астарлы әңгіменің мәні неде?

Адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынастың негізі неде?

Көршінің мінез-құлқын қалай сипаттар едіңіз?

Адамға қандай әрекеттер қуаныш, бақыт әкеледі?

#### **Шығармашылық қызмет (топтық жұмыс)**

*Мұғалім.* Балалар, біз сендермен әңгімелесіп, астарлы әңгімені талқылап жатқанда, біздің қайықтарымыз *қиял мүйісіне* келіп тоқтады. Енді әр экипаж өз кемесінің түсіне сәйкес келетін тапсырманы орындайды. Содан кейін барлық экипаждың өкілдері өз командаларының жұмысын сыныпқа ұсынады. Жұмыс уақыты – бес минут.

## **ЗАДАНИЯ**

*Экипаж 1.* Составьте из каждой пары слов одно слово-прилагательное, обозначающее положительное качество характера человека.

Милое сердце – *милосердный*;

великая душа – *великодушный*;

добрая душа – *добродушный*;

делающий добро – *добродетельный*;

желающий добра – *доброжелательный*.

Как вы думаете, какое из этих качеств самое важное? Почему?

*(Ответы детей)*

*Экипаж 2.* Составьте из сердечек цветок человеческих взаимоотношений. Напишите на его лепестках те качества, которые нужны людям для общения и построения правильных взаимоотношений друг с другом.

*Экипаж 3.* Составьте правила бесконфликтного общения.

*Правила бесконфликтного общения*

1. Старайся жить так, чтобы людям рядом с тобой было хорошо.

2. Прежде чем обратиться к человеку, улыбнись ему, ведь добрые отношения начинаются с улыбки.

3. Научись радоваться не только своим успехам, но и успехам товарищей.

4. Старайся прийти на помощь другу, не жди, пока тебя об этом попросят.

5. Никогда и никому не завидуй и не ябедничай: ябеда озлобляет людей и разрушает добрые отношения.

6. В споре будь сдержан и тактичен.

7. Не совершай необдуманных поступков.

8. Никогда никого ни в чем не упрекай.

9. Не делай другому того, от чего тебе самому неприятно и больно.

**Рефлексия.** Мұхит толқындарының дыбысы, шағалалардың айқайы естіледі.

**Мұғалім:** міне, біздің қарым-қатынас әлеміне жасаған саяхатымыз аяқталды. Қорытындылайық.

Қазір сендерге стикерлерді аралдарға жабыстыру керек. *(Ватманда аралдар бейнеленген.)* Қай аралға жүзіп келгендеріңді анықтаңдар: бақыт, қайғы, қуаныш, жаңалық, мұң, зерігу, тосын-сый. *(Балалар өздерінің эмоционалды жағдайына сәйкес келетін аралды таңдап, оған стикерлер жапсырады.)*


### **Сабақтың қорытынды минуты**

**Мұғалім:** Балалар, сендер жемісті жұмыс істеп жатқанда, біз қарым-қатынас аралына келіп қалдық.

Адамның жақсы қарым-қатынасы әркім мейірімділік, сенім, өзара сыйластық, риясыздық, қамқорлық, мейірімділік және т.б. қасиеттерді көрсеткен кезде қалыптасады.

Әрине, оны адамға жалғыз жасау мүмкін емес. Қарым-қатынас әлемін бірлесіп құру үшін жұмыс істеу керек.

Бүгін біз сапарға шықтық, сендерді жетістіктер жағалауында.



Балалар, бұл сапарда сендер өздеріңді ба-  
тыл, ержүрек, команда-  
да жұмыс істей алатын  
және көңілді адамдар  
ретінде көрсеттіңдер.  
Сендер кеме капи-  
тан-дары атағын алуға  
лайықсыңдар! – деген  
хабарлама күтуде.

*Жылы сөз айтудан,  
Жқсы іс жасаудан қорықпаңдар.  
Отқа неғұрлым көп отын салсаңдар,  
Ол соғұрлым көп жылу береді!  
Менің жас достарым!  
Барлығына сабақ үшін рахмет!  
Жаңа кездесулерге дейін сау  
болыңдар!*

**Учитель:** Вот и подошло к концу наше с вами путешествие в мир человеческих взаимоотношений. Давайте подведем итоги.


Сейчас вам нужно будет прикрепить стикеры на острова. *(На ватмане изображены острова.)* Определите, на какой остров вы приплыли: счастья, печали, радости, открытий, грусти, скуки, неожиданности. *(Дети выбирают остров, соответствующий своему эмоциональному состоянию, и прикрепляют к нему стикеры.)*

### **Заключительная минута урока**

**Учитель:** Ребята, пока вы плодотворно работали, мы приплыли к острову взаимоотношений.

Добрые человеческие отношения выстраиваются тогда, когда каждый проявляет такие качества характера, как доброжелательность, доверие, взаимоуважение, бескорыстие, забота, милосердие и многие другие. И вы, конечно, уже догадались, что в одиночку это сделать невозможно. Необходимо трудиться над созданием мира взаимоотношений сообща.

Сегодня мы с вами совершили путешествие, и на берегу свершений вас ждет послание.



Ребята, в этом путеше-  
ствии вы проявили себя  
как мужественные, сме-  
лые, умеющие работать  
в команде и неунываю-  
щие люди. Вы достойны  
носить звание капита-  
нов кораблей!

*Не бойтесь дарить согревающих слов  
И добрые делать дела.  
Чем больше в огонь вы положите  
дров,  
Тем больше вернется тепла!  
Спасибо всем за урок! До новых  
встреч, мои юные друзья!*

# БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ:

АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАРСЫ  
ІС-ҚИМЫЛ ТИІМДІЛІГІНІҢ  
ДИАГНОСТИКАСЫ  
МЕН МОНИТОРИНГІ



## БУЛЛИНГ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ:

ДИАГНОСТИКА И МОНИТОРИНГ  
ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОФИЛАКТИКИ  
И ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ

**М. К. Таипова,**  
п. ф. к., «Өркен»  
балалардың әл-  
ауқатын арттыру  
ұлттық ғылыми-  
практикалық  
институты КеАҚ  
Психологиялық-  
педагогикалық  
диагностика  
басқармасының  
жетекшісі, Алматы қ.

**М. К. Таипова,**  
к. п. н., руководитель  
Управления  
психолого-  
педагогической  
диагностики,  
Национальный  
научно-практический  
институт  
благополучия детей  
«Өркен»,  
г. Алматы



**Б**ілім берудегі буллингтің пропедевтикасы мен алдын алу мәселелері балалар мен ересектердің негізгі құзыреттерінің бір бөлігіне айналуға, психологиялық сауаттылық пен буллингтің алдын алу мәдениеті мектептегі буллингке қарсы бағдарламаларды әзірлеудің негізі болып табылады.

Білім беру ортасындағы буллингті диагностикалау тәжірибесі мұғалімдер мен психологтерді қарым-қатынас пен мінез-құлықтағы буллингтің ашық және жасырын көріністерін сандық қана емес, сонымен қатар сапалы бағалауға ынталандырады. Мектептердегі психологиялық-педагогикалық жағдайға байланысты буллингтің себептерін анықтау, олардың алдын алу, бақылау және түзету үшін талдау ерекше қызығушылық тудырады.

Мектептегі буллингті зерттеу процедуралары әдетте тестілік және

**В**опросы пропедевтики и профилактики буллинга в образовании становятся частью ключевых компетенций детей и взрослых, в связи с чем психологическая грамотность и культура предотвращения буллинга служат предметом разработки школьных антибуллинговых программ.

